

**V шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі II сессиясының "Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" № 32 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды қалалық мәслихатының 2018 жылғы 18 шілдедегі VI шақырылған XXVII сессиясының № 308 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 шілдеде № 4883 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2024 жылғы 3 шілдедегі № 165 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 03.07.2024 № 165 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарағанды қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 сәуірдегі "Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" № 32 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-1-154 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырдағы №064 (970) "Взгляд на события" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қарағанды қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде:

2 тармағы келесі мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"1-1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған заңды тұлға;"

17 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4 тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек және әлеуметтік сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (төрағасы Жанділ Ахуанұлы Мұқтаров) жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

**КЕЛІСІЛДІ:**

*"Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*Б. Жайназаров*

2018 жылғы 18 шілде

*В. Мазитов*

*Қ. Бексұлтанов*